

САНАҒА СІҢІРЕ АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ

5-БЕТ | АБАЙ – 180



ҰЛТТЫҚ КИІМ – ИМАНДЫЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ

6-БЕТ | ИМАНТАРАЗЫ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол – қазақтың жан-дүниесінің тұңғиығына бойлаған дара тұлға. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы. Абай жаңа әдебиетіміздің негізін қалаған ақын ретінде ел тарихында айрықша із қалдырды. Оның еңбектері бір ғасырдан астам уақыт өтсе де өзектілігін жоғалтқан емес. Әлі күнге дейін баршамызға руханни азық болып келеді. Ақынның ғибратты ғұмыры мен мол мұрасы – халқымыздың және жаһан жұртының асыл қазынасы.

№93
(4837)
Сенбі
9 тамыз
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ


1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АБАЙ ТОЙЫ – ЕЛ ТОЙЫ

Кеше бас қаладан Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Ұлылар мекеніне саяхат» атты экспедиция жолға шықты.

Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ұйымдастырған экспедиция құрамында Астана қаласы мәслихатының депутаттары мен қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, қала әкімдігінің қызметкерлері, бір топ қаламгер мен абайтанушы ғалымдар бар. Экспедиция Астана – Баянауыл – Семей – Қарауылтөбе – Жидебай – Семей – Астана бағытында болады. Сапар барысында қаламгерлер Баянауылдағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесіне соғып, баба рухына тағзым етеді. Әрі қарай Абай облысындағы «Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным» атты халықаралық конференцияға, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» халықаралық ақындар фестивалінің ашылу салтанатына қатысады. 10 тамыз күні Астана қаласынан барған делегаттар Қарауыл ауылындағы Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне және т. б. көптеген іс-шараға қатысады.



Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясының құрылысы ресми түрде басталды.

Атом электр станциясы Алматы облысындағы Үлкен ауылының маңында салынады. Салтанатты шараға ҚР Атом энергетикасы агенттігінің басшысы Алмасадам Сәтқалиев, «Росатом» мемлекеттік корпорациясының бас директоры Алексей Лихачёв және басқа да ресми тұлғалар қатысты. Құрылыс алаңына арнайы техника жеткізіліп, сондай-ақ Нововоронеж атом электр станциясының макеті орнатылған. Қазақстанда салынатын станция осы үлгіге ұқсас болмақ. Макетте көрсетілген №6 энергоблок – әлемдегі 3+ буынына жататын алғашқы энергоблок.



ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚАЛА

Ертең – елімізде құрылысшылардың кәсіби мерекесі. Қазақстан бойынша құрылыстан алдыңғы орындағы Астана қаласында 1997-2023 жылдар аралығында 32 млн шаршы метрден аса тұрғын үй салыныпты. Бұдан өзге түрлі әлеуметтік нысандар, мектептер, балабақшалар, медицина мекемелері, спорт және мәдениет ғимараттарының құрылысы қарқынды. Ал былтырғы есепке көз жүгіртсек, елордада 3,6 млн шаршы метр (11 айдың есебі) тұрғын үй пайдалануға берілген. Сондай-ақ биылғы жартыжылдықта Астанада 1,8 млн шаршы метр тұрғын үй құрылысы аяқталған.

4

ӘКІМ ГРАНТЫ ҰСЫНЫЛАДЫ

2025 жылғы 7-11 тамыз аралығында елордада жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында жоғары оқу орындарының бакалавриат бағдарламаларына құжат қабылдау өтеді.

Астана қаласы әкімдігінің мәліметінше, конкурсқа қатысу үшін талапкер жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына келесі бағыттар бойынша өтініш береді:

* Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті: физика пәні мұғалімдерін даярлау; психология.

* А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты: педагогика және психология; мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу; бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі.

* Astana халықаралық университеті: педагогика және психология; мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу; бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі; математика пәні мұғалімдерін даярлау; физика пәні мұғалімдерін даярлау; информатика пәні мұғалімдерін даярлау; орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлау; психология.

* А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті: бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі; математика пәні мұғалімдерін даярлау; физика пәні мұғалімдерін даярлау.

№93 (4837) 09/08/2025 Сенбі



ИНВЕСТИЦИЯ – МАҢЫЗДЫ САЛА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан инвесторлар қауымдастығының төрағасы Болат Ақшолақовты қабылдады. Мемлекет басшысына Инвесторлар қауымдастығы қызметінің басым бағыттары мен негізгі бастамалары таныстырылды.


Бұл ұйым Мемлекет басшысының ақпан айындағы ірі бизнес өкілдерімен кездесуде берген тапсырмасына сай құрылған болатын. Кездесуде қауымдастықтың мемлекет пен инвесторлар арасындағы дәнекерлік рөлін көрсететін ауқымды күн тәртібі талқыланды; ең алдымен шешілуге тиіс міндеттер ретінде экономиканы ырықтандыруға, мемлекеттің бизнеске араласуын азайтуға, мемлекеттік басқару жүйесіне цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын енгізуге баса мән берілді; салық жүйесін жаңғырту, монополияға қарсы саясатты жетілдіру, жекешелендірудің тиімділігін арттыру және мемлекеттік сатып алуды реформалау мәселелері қозғалды.

Болат Ақшолақов Мемлекет басшысына отандық бизнестің ұлттық рейтингін іске қосу жөніндегі ұсынысын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бастамаларды қолдап, инвестициялық климатты жақсарту және орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ету тұрғысынан оларды жүзеге асыру маңызды екенін атап өтті.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШАРА ӨТТІ

Астананың «Жастар» саябағында қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен және «Жасыл ел» жобасының белсенді жастарының қатысуымен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында экологиялық акция ұйымдастырылды.



Бұл акция қаламыздың экологиялық жағдайын жақсарту, саябақтарды таза ұстау және әрбір тұрғынның өз ауласында тазалық пен тәртіпті ұстану туралы саналы көзқараспен қарауын қалыптастыру мақсатында өтті.

Іс-шараға Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден қатысып, «Жасыл ел» жобасының қатысушыларына алғыс білдірді.

«Қоршаған ортаны қорғау баршамыздың міндетіміз деп ойлаймын. Бүгінде «Жасыл ел» жобасына еліміздің барлық өңірінен жастар қатысып жатыр. Елордалық жоба қатысушылары мамыр айынан бері өткен түрлі экологиялық акцияға, қаланы көгалдандыру жұмысына белсенді қатысып келеді. Қаламызда осы уақытқа дейін бірнеше жаңа саябақ пен гүлзар ашылды. Ал ол жерлерді таза ұстау, жасыл желектерді күтіп-баптау жұмысы тұрақты жүргізілуі қажет. Бұл жұмысқа осы жобаның қатысушылары көмектесіп келеді, сол үшін жастарға алғысым шексіз» деді Табиғат Зейнұлқабден.

Акция барысында Астана қаласы мәслихатының төрағасы жастармен бірге жасыл желектерді суарып, кейін олармен кездесу өткізді.

«Жасыл ел» жобасының белсенділері мәслихат төрағасына өз сұрақтарын қойып, келесі жылы жобаға қатысушылар санын арттыруды ұсынды. Сонымен қатар саябақта Абай Құнанбайұлының туған күніне орай жастар арасында кітап алмасу акциясы ұйымдастырылды.

Айта кетейік, биыл «Жасыл ел» еңбек жасақтарының XXI еңбек маусымы өтіп жатыр. Осы жоба аясында елордада 14-тен 35 жасқа дейінгі 5200-ден астам жас жұмыспен қамтылды. Олар қаламыздағы құрылыс нысандары мен қала саябақтарында, әлеуметтік мекемелер мен мектептердің аумақтарында көгалдандыру жұмысына белсенді түрде қатысып келеді.

РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІМЕН СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында екіжақты ынтымақтастықты дамытудың, бірлескен экономикалық жобаларды іске асырудың өзекті мәселелері талқыланды.

Владимир Путин таяуда Мәскеуде АҚШ Президентінің арнаулы өкілімен болған әңгіменің негізгі нәтижелері жөнінде мәлімет берді.

Алдағы жоғары деңгейде өтетін екіжақты формат-тағы, сондай-ақ халықаралық іс-шаралар аясындағы кездесулер кестесі қарастырылды.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі уәкіл Қанат Нұровты қабылдады. Президентке бизнес-омбудсменнің 2024 жылы атқарған жұмысының нәтижелері туралы есеп берілді.



Қанат Нұров кәсіпкерлердің құқығы бұзылуына қатысты келіп түскен 3275 шағымның 1759-ы (53,7%) бойынша оң шешім қабылданғанын жеткізді. Соның нәтижесінде 20 миллиард теңгеден астам шығынның алдын алуға мүмкіндік туды. Жалпы арыз-шағым саны 12 пайызға азайған. Бұл әкімшілік әділет институтының тиімділігін көрсетеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында бизнестің дамуын тежейтін басы артық әкімшілік кедергілерді анықтауға және жоюға баса мән берілді. Сонымен қатар бизнес-омбудсмен кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуге қатысты бірқатар ұсынысын жеткізді. Кейбір жекелеген жағдаяттар бойынша тиісті реттеуші және құқық қорғау органдарына талап-арыз жолданған.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлердің құқығын қорғау шараларын одан әрі күшейту маңызды екеніне назар аударды. Мемлекет басшысы Кәсіпкерлікті қорғау стратегиясын жүзеге асыру аясында қордаланған проблемаларды шешуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.

«БОЛАШАҚ» СТИПЕНДИЯСЫ БЕРІЛДІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Бұл жолы «Болашақ» халықаралық стипендиясын алуға үміткерлер саны айтарлықтай артқан. Барлық бағдарлама мен бағыт бойынша жалпы конкурс 1 орынға 4 адамнан келген.

«Биыл бұл – жаңа ережелер бойынша өткен стипендия беру конкурсының екінші кезеңі. Үміткерлер үш кезеңнен тұратын іріктеуден өтті: кешенді тестілеу, әңгімелесу және республикалық комиссияның жоғары ұпай жинаған үміткерлерді таңдап алуы» делінген хабарламада.

Стипендия алуға жалпы 981 адам өтініш берген. Оның ішінде 916 адам бірінші кезеңнен, 659 адам екінші кезеңнен өтті, ал үшінші кезеңде 217 үміткер жеңімпаз деп танылды.

Отырыс барысында республикалық комиссия 217 қазақстандыққа «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау туралы шешім қабылдады. Олардың ішінде: 167 адам магистратурада білім алады; 13 адам докторантурада оқиды; 37 үміткер әлемнің жетекші университеттері мен орталықтарында кәсіби тағылымдамадан өтеді.

Стипендиаттардың 67,7 пайызы жаратылыстану-техникалық бағыттарда, 32,3 пайызы қоғамдық-гуманитарлық салада білім алады. Сонымен қатар комиссия ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған байқау қорытындыларын қарастырды. Бұл бағыт бойынша 165 өтініш қабылданып, үш деңгейлі іріктеу нәтижесінде 68 қазақстандыққа ғылыми тағылымдама стипендиясы тағайындалды. Олар әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында білім алады.

Отырыс қорытындысы бойынша Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин «Болашақ» халықаралық стипендиясын әрі қарай жетілдіру және тиімді жүзеге асыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

АҚШ президенті Дональд Трамп Ресей мен Украина бейбіт келісімге келуі тиіс деп санайды.

«Ресей мен Украина атысты тоқтату және ұзақмерзімді бейбітшілік орнату жөнінде келісімге келуі керек. Президент Трамп бұл келісім 8 тамызға дейін жүзеге асуы тиіс екенін анық білдірді» деді БҰҰ жанындағы АҚШ-тың уақытша өкілі Джон Келли. АҚШ өз кезегінде бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар қолдануға дайын.



Италия үкіметі Апеннин түбегін Сицилия аралына қосатын әлемдегі ең ұзын аспалы көпірдің жобасын мақұлдады.

Жалпы ұзындығы шамамен 3,3 километр болатын көпірде әрқайсысының биіктігі 399 метр болатын екі тіреу бағанасы болады. Жобаның болжамды құны – 13,5 миллиард еуро, жүзеге асуы 6 жылға созылады деп күтілуде. Тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында 40 шақырымнан астам автомобиль жолдары мен теміржол құрылысы жоспарланған.



Tesla директорлар кеңесі Илон Масктің компанияда кемінде 2 жыл жұмыс істеуі шартымен оған 30 млрд долларға жуық акциясын ұсынды.

Business Insider басылымы мұны Маскті ынталандыру үшін тағайындалған өтемақының жаңа пакеті деп атады. Бұл жаңалық шыққан соң Tesla акциялары 2%-ға қымбаттады. Илон Маск – Forbes Real-Time Billionaires жаһандық рейтингі бойынша әлемдегі ең дәулетті адам. Ал байлығы 401 млрд долларға бағаланып отыр.

ҰЗАҚ КҮТКЕН ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮЙЛІ БОЛДЫ

Елордада үлестік құрылыс мәселелерін шешу бойынша жүйелі жұмыс жалғасуда. «Триумф Сити» тұрғын үй кешенінің 2 және 3-кезектері пайдалануға берілді.



Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркеновтің қатысуымен өткен іс-шарада 200-ге жуық отбасы көптен күткен пәтерінің кілтін алды. Жаңа қоныстанушылар қатарында «Триумф Сити» тұрғын үй кешенінің үлескерлері ғана емес, сондай-ақ басқа да проблемалы нысандардың қатысушылары бар. Олар – «Араби 2», «Гранитный 2», «Future Home» кешенінің 7-блогы мен «Жаңа мұнар» ТК-нің үлескерлері.

«Триумф Сити» тұрғын үй кешенін салу үшін үлескерлердің қаражатын тарту мен құрылыс жұмыстарын бастау 2013 жылы жосықсыз құрылыс салушы тарапынан басталған. 2015 жылы құрылыс толық тоқтап, нысан сол қалпында қалды.

«Бұл тұрғын үй кешені ауыр жолдан өтті. 2019 жылы ол ресми түрде проблемалы нысан ретінде танылып, ұзаққа созылған құрылысты аяқтауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаға енгізілді. Мемлекеттік органдардың, мердігер ұйымдар мен тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үйлесімді жұмысының арқасында 2 және 3-кезектегі құрылыс аяқталып, үйлер пайдалануға берілді» деп атап өтті Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов.

Осыған дейін, 2024 жылы, кешеннің бірінші кезеңі пайдалануға беріліп, шамамен 150 отбасы пәтерлі болған еді. Жалпы алғанда, кешенде 340-тан астам үлескер тіркелген.

Астанада құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау жұмысы жалғасып жатыр және бұл мәселе қала әкімдігінің ерекше бақылауында.

ҚОҒАМ ДЕРТІМЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСАДЫ

Елордалық депутаттар нашақорлыққа қарсы акция аясында қаладағы ахуалмен танысу үшін бірнеше нысанда болды. Есірткі қылмысына қарсы күресте ведомствоаралық өзара әрекетті нығайту үшін мәселемен арнайы танысып, өз ұсыныстарын білдірді.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Халық қалаулылары ең алдымен қала кіреберісіндегі Күйгенжар бекетінде болды. Онда полиция қызметкерлерінің және кинологтардың жұмысымен танысты. Құқық қорғау органдары автокөлікті тексеру тәртібін және қызметтік иттердің есірткі заттарын қалай анықтайтынын көрсетті.

«Басты мақсат – елордаға есірткі заттарының жеткізілуін тоқтату. Қазір көріп отырғанымыздай, полиция мен кинологтар бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп отыр. Депутат ретінде біздің міндетіміз – олардың жұмысына кедергі келтіретін мәселелерді анықтап, шешуге ықпал ету» дейді мәслихат депутаты Бауыржан Қасымбергебаев.

Белгілі болғандай, жыл басынан бері бұл бекеттен иісшіл иттердің көмегімен 21 есірткі тасымалының жолы кесілді. Оның ішінде жастар арасында кең тараған мефедронның 700 грамнан астамы тәркіленген. Одан кейін депутаттар қалалық саябақтағы амфитеатрға барды. Мұнда «Астана жастары» волонтерлерімен бірге есірткі жарнамасы салынған қабырғаларды бояуға қатысты. Қазіргі уақытта синтетикалық есірткі сататындар өз қызметін жасырын кездесу және дәріс өтеді. Студенттер мен колледж оқушылары арасында түсіндіру жұмысын жүргізу жүйелі жолға қойылған.

Кездесудің соңғы нүктесі Психикалық денсаулық орталығында жалғасты. Мекеменің дәрігер-сарапшысы Ризолла Махметов депутаттарға нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. Токсикология зертханасында адам ағзасындағы психоактивті заттарды анықтайтын заманауи жабдықтарды көрсетті. Сонымен қатар дәрігерлер жұмыс барысында кездесетін проблемаларын ортаға салды. Жиын соңында мәслихат депутаттары мұндай кездесулер қоғамда нашақорлық пен құмар ойындарына тәуелділіктің таралуына жол бермеу үшін маңызды екенін айтты.



Айта кеткен жөн, елордада 2024-2025 жылдарға арналған нашақорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөнінде кешенді жоспар бекітілген. Оның аясында қоғамда нашақорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыру, жастарға ақпарат-түсіндіру жұмысын жүргізу, салауатты өмір салтын дәріптеу және есірткі қылмысына қарсы күресте ведомствоаралық өзара әрекетті нығайту барынша көзделген.

Telegram-каналдар арқылы сатуды меңгерген. Сондықтан жастар жиі бас қосатын орындарға өз жарнамасын жазып кетеді. Бұл ретте депутаттар мұндай жердің барлығына бейнебақылау камерасын орнату қажет екенін алға тартты.

Астана қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі, полиция капитаны Абай Амантаевтың айтуынша, мұндай шаралар оқу жылы бойы жалғасады. Бұл мақсатта есірткіні әкелуге тосқауыл қойып қана қоймай, жастардың оған әуестенуінің алдын алу үшін түрлі акция,

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫ АРТТЫРУ КЕРЕК

Бас қаладағы №104 мектепте «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасына және «Инклюзивті білім беру» стандарттарына сәйкес елорданың жетекші білім беру ұйымдары басшылары және ғалым-сарапшылардың қатысуымен Q&A сессиясы өтті. Педагогтарға заңға құрмет, әділдік пен тәртіп туралы терең ой салып, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған іс-шараға елордалық білім саласының мамандары мен құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты.



Райхан РАХМЕТОВА

Кездесудің мақсаты – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң және тәртіп» құндылығы аясында инклюзивті білім беру стандартын ілгерілету, Қазақстандағы білім беру ұйымдарында барлық бала үшін тең мүмкіндік пен әділетті орта қалыптастыруға ықпал ету. Сессияның негізгі спикерлерінің бірі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор, Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Есберген Алауханов бала тәрбиесінде мектептің алатын рөліне тоқтала келе, оқу орындарындағы білім мен тәрбие беру бағдарламасына ерекше көңіл бөлу керектігін атап өтті және елордадағы жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен тәртіп жағдайы туралы статистика деректерін келтірді.

Qamqor.gov.kz порталындағы ресми деректерге сәйкес, 2024 жылғы қаңтар-қазан аралығында кәмелетке толмағандарға қатысты 3000-нан астам қылмыс тіркелді. Бұл 2023 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 37%-ға артық. Балаларға қарсы қылмыстың жартысы жеке тұлғаға қатысты, соның ішінде жыныстық сипаттағы қылмыстар 61%-ға өскен. 820-дан астам бала жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған. 2025 жылғы қаңтар-сәуір аралығында жасөспірімдер арасында 771 қылмыс тіркелді, оның 376-сы – ауыр, 24-і – аса ауыр қылмыс. Кәмелетке толмағандардың әр төрт қылмысының біреуі топпен жасалған. Әр 8 оқушының біреуі бұған дейін сотталған. Қылмыс жасаған жасөспірімдердің 50%-дан астамының еш жерде оқымаған немесе жұмысы жоқ екені анықталды.

– Астана қаласында 2024-2025 жылдары жасөспірімдердің қатыгездігі мен зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты бірнеше алаңдатарлық оқиға орын алып, қоғам назарын аударды. Сондықтан бұл мәселені дұрыс әрі нақты шешу үшін аймақаралық және нақты бағытталған шаралар қабылдау қажет. Бұл оқиғалар жасөспірімдер арасындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың қоғамда кең таралған және күрделенген тенденциясын көрсетеді. Себебі мұндай оқиғалар мектептерден бастап университеттерге дейін жетеді. Оған себеп болатын жағдайлар сан алуан, яғни тұрмыстық жанжал, жеке қарым-қатынастағы шиеленіс, буллинг, пышақпен қаруланған шабуыл әсер етеді, – деді Е.Алауханов.

Екінші спикер – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Білім жоғары мектебі, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, инклюзия маманы, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Марзия Асылбекова білім беру саласында инклюзивті және жайлы орта қалыптастыру жайына тоқталды. Оның айтуынша, республикада 492 арнаулы білім беру ұйымы жұмыс істейді, оның ішінде 218 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 99 арнаулы мектеп, 48 арнаулы мектепке дейінгі ұйым, 13 оңалту орталығы, 10 аутизм орталығы бар.

КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты келесі кафедралар бойынша ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. Педагогика және тарих кафедрасы – 1 штат бірлігі:

– 1 бірлік — педагогика ғылымдарының кандидаты/PhD;

2. Экономикалық және математикалық пәндер кафедрасы – 1 штат бірлігі:

– физика-математика/техника ғылымдарының кандидаты/PhD.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1) ЖОО басшысының атына өтініш;

2) Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақша;

3) Өмірбаян;

4) Жоғары білімі, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың көшірмелері, салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары берілген ғылыми атағы туралы құжат;

5) Салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері;

6) Ғылыми еңбектердің, жарияланымдар мен өнертабыстардың тізімі;

7) 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама (қолданыста бар);

8) Соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама (ХҚКО немесе eGov арқылы беріледі);

9) Кәсіби деңгейін, жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын қосымша құжаттар (қалауы бойынша – алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар және т. б.).

Өтініш беру мерзімі: 2025 жылғы 11 тамыздан бастап 2025 жылғы 22 тамызға дейін (қоса алғанда).

Құжаттарды тапсыруға арналған мекенжай: 010009, Астана қ., М.Жұмабаев даңғылы, 4.

Тел.: 561-933, 8-701-527-19-46, e-mail: eagi@list.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Казстройподряд» ЖШС «Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 12-ғимарат мекенжайы бойынша функционалдық мақсатын өзгертпестен тұрғын емес үй-жайлары бар 400 орындық автотұрақты қайта жаңғырту» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өтетіні туралы хабарлайды.


Жобалық құжаттама материалдары ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ (https://ndbecology.gov.kz/) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде 2025 жылдың 18-22 тамыз аралығында қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Тапсырыс беруші – «Казстройподряд» ЖШС, Кенесары көшесі,12, e-mail: rustem@metconpro.com, тел.: 8-701-787-97-27.

Жапония халқының саны кейінгі 1 жылда 900 мың адамға азайды.

Елдің Сыртқы істер министрлігінің хабарлауынша, бұл – соңғы 57 жылдағы ең төменгі көрсеткіш. Былтыр елде 686 мың бала дүниеге келген. Яғни алдыңғы жылмен салыстырғанда 41 мыңға кем. Сарапшылар мұндай жағдайды экономикадағы тұрақсыздықпен, жұмыс пен бала тәрбиесін қатар алып жүрудегі қиындықпен байланыстырады. Енді жергілікті билік отбасыларға қолдау көрсететін жаңа әлеуметтік шаралар әзірлемек.



Қытай астанасы – Бейжіңде әлемдегі алғашқы гуманоидты роботтар дүкені ашылды.

Мұнда 40-тан астам қытайлық бренд ұсынған 100-ге жуық робот сатылып, жалға беріледі. 4 қабатты ғимарат аумағы – 4 мың шаршы метр. Орталық ішінде робот-даяшылар мен музыканттар қызмет көрсететін мейрамхана бар. Ресми ашылуы робототехника бойынша XX дүниежүзілік конференцияның басталуымен тұспа-тұс келген дүкенді көпшілік асыға күтті.

№93 (4837) 09/08/2025 Сенбі

ҚҰРЫЛЫС – ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСТЫ ДРАЙВЕРІ

Ержан ҚОЖАС



Экономиканың басты драйверінің бірі де бірегейі – құрылыс. Бұл сала елдің тұрмыс сапасы мен әл-ауқатының артуына және азаматтардың болашағын қамтамасыз етуге тың серпін беріп келеді. Құрылысшы қауымы еңбегінің арқасында сәулетті ғимараттар бой көтеріп, түрлі әлеуметтік нысан көптеп салынуда. Сондықтан кәсіби мереке қарсаңында олардың табанды еңбегіне құрмет пен ілтипат көрсетіледі. Мемлекет бұл үрдістен жаңылған емес.

ОЛАР БАСПАНАНЫ КӨБЕЙТТІ

Әріге бармай-ақ, тәуелсіздіктен кейінгі елдегі құрылыс саласының жетістіктеріне тоқталсақ. 1991 жылдан бастап Қазақстандағы құрылыс индустриясы елеулі өзгеріске ұшырады. Саладағы ең қиын уақыт 1995-2000 жылдары болды. Тек 1 жылда 1 млн шаршы метр тұрғын үй құрылысы жүрген. Алайда 90-жылдардың аяғында нарықтық реформалардың енгізілуімен тұрғын үй құрылысы дамыды. Өйткені мемлекет міндетінің бірі әлеуметтік осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету болатын.

2012 жылы «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы енді. Кейін жұмыс істейтін азаматтарды ипотекамен қамтамасыз етуде «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (2014 ж.), «Нұрлы жер» мемлекеттік және «7-20-25» ипотека бағдарламасы (2018 ж.) іске қосылды. Артынша 2022 жылы Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы күшіне енді.

«Біздің түпкі мақсат – 2030 жылға қарай дамыған елдердің деңгейіне жету және 2030 жылға қарай тұрғын үймен қамтамасыз етуді жан басына шаққанда 30 шаршы метрге жеткізу. Президент тапсырмасына орай алдағы жылдары тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемін қысқартпай, жыл сайынғы өсімді сақтап қалу және 2030 жылға қарай 111 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үйді енгізуді және 1 млн отбасын жаңа баспанамен қамтамасыз ету жоспарланды» дейді Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мамандары.

Сондай-ақ биыл қаңтар-наурызда орындалған құрылыс көлемі 16,9 пайызға өсіп, 1014,8 млрд теңгені құраған. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы (былтырғы қаңтар-наурыз аралығымен салыстырғанда) 7,4 пайызға көбейіп, 3729,1 мың шаршы метрді құрап отыр. Ал Астанада биылғы жарты жылдықта 1,8 млн шаршы метр тұрғын үй (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырсақ, өсім – 6 пайыз) пайдалануға берілген.

ОЛАР АСТАНА ТУРИЗМІНЕ ҮЛЕС ҚОСТЫ

Елордада ерекше сәулетімен, өзіндік технологиясымен және тарихи маңызымен келуші назарын аударатын таңғажайып ғимараттар бар. Мұның барлығы – сәулетшілер мен құрылысшылардың еңбегі.

Айта кетсек, бас қаладағы «Бәйтерек» – қаланың және бүкіл ел символы. Биіктігі – 97 метр. Бұл ел астанасының 1997 жылы көшірілгенін білдіреді. «Хан Шатыр» көпфункционалды кешені де қазақтың көшпелі мәдениетін бейнелейтін орын. Мұнда сауда орталығы, мейрамхана, ойын-сауық орны, тіпті жағажай бар. Елдің әр өңірінен келушілерден бөлек, туристерді тамсандырған Орталық Азиядағы ең үлкен мешітті де осы санатқа қоса аламыз. Мешіттегі бас күмбездің биіктігі – 90 метр, ал мұнаралары – 130 метр. Сыйымдылығы 30 мың адамға дейін жетеді. Маңызды құрылыс жобаларының бірі болған нысан – ЭКСПО алаңы. Мұнда биіктігі 97 метр болатын әлемдегі ең үлкен шар тұр. Бұл – Астанадағы ЭКСПО-2017 көрмесінің символы. Оған қоса, 174 гектар аумақта тағы 37 нысан бар. Олардың барлығы «жасыл технологиялар» арқылы салынған. Ал «Абу-Даби Плаза» көпфункционалды кешені – Орталық Азиядағы ең биік ғимарат. 75 қабаттан тұрады. Кешен «қала ішіндегі қала» ретінде жобаланған. Мұнда да супермаркет пен киім дүкенінен бастап сұлулық салоны мен балаларға арналған ойын-сауық алаңы бар.

ОЛАР ҚИЫНДЫҚТА ЕЛМЕН БІРГЕ

Құрылысшылар еңбегі мұнымен тоқтамайды. Елдегі дауыл, көшкін, су тасқыны, сел, жер сілкінісі, орман өрті сияқты табиғи апаттардың қаупі жоғары екенін ескерсек, мұндай жағдай халыққа айтарлықтай зиян келтіріп отыр. Әсіресе адамдар үй-жайсыз қалып кететін жағдай көп. Мысалы, Арыс қаласындағы 2019 жылы болған жарылыс. Оқ-дәрі қоймасындағы жағдайдан кейін барлық өңірден келген құрылысшылар қаланы уақытында қалпына келтірді. Деректерде бұған 3 мыңға жуық адам қатысқаны айтылады. Төтенше жағдай нәтижесінде 7,6 мыңнан астам ғимарат (оның ішінде 500 нысан қайта салынды, 7155 үй жөнделді) пен 66 әлеуметтік нысанның құрылысы қайта жүрген. Ал 2020 жылы Түркістан облысының Мақтаарал ауданындағы су тасқынынан зардап шеккен 5 елді мекенде құрылысшылар қолтаңбасы бар. 1000-ға жуық тұрғын үй мен 3 мектеп, 5 балабақша, 4 медицина мекемесі және мәдениет үйі қайта жаңғырды. Осыдан 2 жыл бұрынғы апат та ел есінде. Қостанайдағы ірі орман өртінен зардап шеккендерге 90-нан астам тұрғын үй салынды. Ал өткен жылғы су тасқынының зардабы әлі тарқаған жоқ. Дегенмен Үкіметтің ширақ қимылдауымен 11 өңірде 19360 тұрғын үй қалпына келді. Бұған 5663 құрылысшы мен 577 техника жұмылдырылған.

Жалпы құрылыс көптеген жұмыс түрін қамтитын кең ұғым екені белгілі. Тек жоғарыда айтылған нысандардан бөлек, өнеркәсіп объектілері (зауыт, фабрика, өндіріс базасы), энергетика (АЭС құрылысы, ЖЭС, электр желісі), гидротехника (бөгет, су-электр станциясы), көлік инфрақұрылымы (жол, көпір, теміржол), мұнай-газ құбырлары және т. б. құрылысты жүргізуде сала мамандарының қызметі орасан зор.

Былтырғы дерекке сүйенсек, құрылыс саласында 650 мыңға жуық жұмысшы, 53 мыңнан астам компания жұмыс істейді. Айта кетейік, құрылысшылардың кәсіби мерекесі жыл сайын тамыз айының екінші жексенбісінде тойланады. Дәстүр бойынша бұл күні сала ардагерлері, алдыңғы қатарлы құрылыс компаниялары мен еңбек сіңірген қызметкерлер марапатталады. Осы мақсатта «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағы тағайындалған.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ҚОҒАМ СЕНІМІНІҢ ІРГЕТАСЫ

Жаңғырған мемлекеттік қызмет ел дамуының басты тірегі болуға тиіс. Қазіргі заманның жаһандық сын-қатерлеріне жауап ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданған болатын. Жалпы кәсіби мемлекеттік аппарат құру жұмысы қалай жүргізілуде? Саладағы осы және өзге де жұмыстың барысы туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ербол ЖОЛДАНҒАРДАН сұрап білген едік.

– Ербол Қабдығалиұлы, қоғамда мемлекеттік басқару сапасына қойылатын талап күн санап өсіп келеді. Соған байланысты Мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа тұжырымдамасы қабылданды. Алдымен осы құжаттың мән-маңызына тоқталып өтсеңіз.

– Бұл – өте өзекті әрі дер кезінде қабылданған стратегиялық құжат. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының жалғасы ретінде мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісін қалыптастыруды тапсырды. Осыған сәйкес, 2024-2029 жылдарға арналған Мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасы бекітілді. Басты мақсат – кәсіби, халыққа жақын, тиімді, жауапты әрі ашық мемлекеттік аппарат құру. Сондай-ақ бұл тұжырымдама әкімшілік рәсімдерді түбегейлі өзгерту және қағазбастылықты жойып, цифрландыру, бюрократияны қысқарту, кадрларды іріктеудің жаңа автоматтандырылған жүйесін енгізуге бағытталған жаңашылдықтарды қамтиды.

– Меритократия қағидаты жайлы толық ашып айтсаңыз.

– Меритократия – әділетті кадрлық саясаттың негізі. Бұл қағидат бойынша қызметке іріктеу мен мансаптық өсу тек білімі, білігі және жетістігі арқылы жүзеге асады. Яғни «тамыр-таныстық», «жеке байланыс» емес, нақты нәтиже мен кәсібилік шешуші рөл атқарады. Басқа сөзбен айтқанда, меритократия – әлдеқайда лайықты кадрларды іріктеу және мемлекеттік қызметшілердің жеке жетістіктерін мойындау негізінде оларды әрі қарай кәсіби және мансаптық ілгерілету деген сөз.

Әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби тәжірибесі болған кезде, ішкі конкурстар институтының негізінде өзінің мемлекеттік органында ғана емес, республиканың кез келген басқа да аумағында мансаптық ілгерілеу мүмкіндігі бар.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментімен кадрлардың жай-күйіне, оларды меритократия қағидаты бойынша тағайындаудың объективтілігі мен ілгерілетуге тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

2025 жылдың I жартыжылдығы бойынша Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарында ішкі конкурс бойынша барлығы 37 мемлекеттік қызметші, ал олардың 24 немесе 64,9% жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалып, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2024-2027 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес, меритократия қағидатын сақтау деңгейі тиісті деңгейде орындалып отыр. Бұл мемлекеттік аппараттың тұрақтылық деңгейінің артқанын көрсетеді.

– Мемлекеттік қызметке іріктеу – қоғам назарындағы маңызды тақырыптың бірі. Қоғам тарапынан конкурс әділ өтеді ме деген алаңдаушылық бар. Осыған не дейсіз?

– Жаңа тұжырымдама аясында мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесін жетілдіру мақсатында кадрларды ашық және әділ конкурстық іріктеу, жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту үшін жаңа бағдарламаларды енгізу, мемлекеттік қызметке қабылдау үдерісін цифрландыру сияқты жаңашылдықтар орын алды.

Жаңа форматтың басты ерекшелігі – сыбайлас жемқорлықты болдырмауға бағытталған нақты тетіктердің енгізілуі, адами фактор шектеле отырып, анонимділікті қамтамасыз ету үшін әрбір жеке тұлғаға ID нөмірлерінің берілуі арқылы конкурстың шынайы әрі әділ өтуінде.

Қалыптасқан жағдайға жауап ретінде «e-Qyzmet» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің сыртқы порталы арқылы процесті цифрландыру іріктеуге қашықтан қатысуға мүмкіндік бере отырып, адами факторды барынша азайтып, мемлекеттік қызмет тартымдылығының артуына әсерін тигізді.

Жаңа іріктеу жүйесіне көшкеннен бері Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарында 2025 жылдың I жартыжылдығының қорытындысымен жалпы конкурс бойынша 1 орынға 11,7 (2024 ж. – 8,6) кандидат қатысып, осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда олардың үлесі 3,1 адамға артып, мемлекеттік қызмет жүйесінің ашықтығын көрсетті.

– Ербол Қабдығалиұлы, бүгінде қоғамда қызу талқыланып жүрген жобаның бірі – Президенттік жастар кадр резерві. Бұл бастама қалай және не үшін қолға алынды?

– Иә, бұл жоба – Мемлекет басшысының 2019 жылы көтерген бастамасы. Президент «Сапалы кадрсыз реформа болмайды» деп нақты атап өтті. Сондықтан елімізде білікті, білімді, елге адал жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тарту – басты мақсат. Президенттік жастар кадр резерві осы мақсатқа жетудің нақты әрі тиімді құралы деп есептеймін. Ең бастысы, бұл – әлеуметтік баспалдақ, яғни қай өңірден шыққанына, кімнің баласы екеніне қарамастан, білімі мен қабілетіне қарай мемлекеттік қызметте жоғарылауға зор мүмкіндік.

Бұған дейін үш іріктеу өтіп, төртінші іріктеу толқыны жүргізіліп жатыр. Бүгінге дейін өткен үш іріктеу кезеңіне елордадан 4 мыңнан астам жас маман қатысып, олардың ішінен 100-ге жуық азамат резервке қабылданған, ал төртінші іріктеу бойынша елордада аталмыш жобаға өтініш білдіргендер саны 1841 адамды құрап отыр. Жобаны пайдаланып, өз болашағын ел тағдырымен байланыстыратын азаматтар көбейсе, Қазақстанның да келешегі жарқын болары сөзсіз.

№93 (4837) 09/08/2025 Сенбі

ЖАҚСЫ ӘН МЕН ТӘТТІ КҮЙ

Елордадағы «Қаламгерлер» аллеясында қазақтың ұлы ақыны әрі философы, хакім Абайдың 180 жылдық мерейтойына арналған «Жақсы ән мен тәтті күй» атты ерекше поэзиялық кеш өтті.



Іс-шараны Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, елорданың Байқоңыр ауданының әкімдігі, Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы бірлесе ұйымдастырды.

Елордалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркептің айтуынша, биыл бас қалада Абайдың 180 жылдығына арналған 140-тан астам іс-шара жоспарланса, бүгінге дейін солардың жартысынан астамы өтті. Мерекелік іс-шаралар жыл басында басталды. Бұл – Абайға арналған қойылымдар, домбыра party, концерттер, ғылыми конференциялар және шығармашылық кештер. Ал 10 тамыз күні Абай ескерткіші алдында күні бойы түрлі концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, ақынның ескерткішіне гүл шоқтары қойылады.



Қаламгерлер аллеясында өткен поэзиялық кеште Астананың ақындары Абайдың шығармаларын оқып, оның әндері мен күйлерін орындады. Сондай-ақ ашық микрофон арқылы қала тұрғындары да Абай өлеңдерін оқып, шығармашылықтарын ортаға салды.

Жас әнші Елай Халықбек «Көзімнің қарасы» және «Желсіз түнде жарық ай» әндерін шырқаса, ҚР мәдениет саласының үздігі Қайрат Айтбаев Тәттімбеттің «Көкейкесті» күйін орындады. Күйші, өнер зерттеуші Рүстем Нұркенов үш ішекті домбырамен Абайдың күйлерін шертті. Ұлы ақын өлеңдерін Мұхарбек Жәкейұлы, Тоқтарәлі Таңжарық, Толқын Қабылша, Жәнібек Әлиман, Дүйсенәлі Әлімақын, Қабиден Қуанышбай, Ұларбек Дәлейұлы сынды ақындар оқыды.

«180 жылдық жастардың Абайды оқуға ұмтылуына, Абайды көбірек тануға мүмкіндік беріп жатыр» дейді Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы директоры Бауыржан Бабажанұлы.

Сабина КӘКІМЖАН

АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА

Астанадағы Кәсіптік-техникалық колледжі базасында ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай – дана, Абай – дара» атты әдеби-сазды кеш өттті. Іс-шара бас қала әкімдігінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» бастамасымен жүзеге асырылып отыр.

Ержан ҚОЖАС



Мерекелік кешке елге белгілі зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, ардагерлер ұйымының жетекшілері мен өнер майталмандары қатысты. Олардың қатарында Астана қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, елордадағы ардагерлер кеңесінің 6 аудан бойынша төрағалары және Астана қаласы әкімдігінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» басшылары да бар.

«Бүгінгі өтіп жатқан кеш – бір ғана концерт емес, ол – бірнеше аптаға созылған рухани-ағартушылық іс-шаралардың қорытындысы десек болар. Жалпы Абайдың 180 жылдығы бүкіл Қазақстан бойынша аталып өтуде. Яғни шағын ауылдан бастап, үлкен қалаларда Абайға арналған әсерлі іс-шаралар жайлы көп естіп-біліп жатырмыз. Әрі бұл даңғаза түрде емес, нағыз рухани азық, танымдық кеш ретінде жүруде. Абай – біздің рухани көсеміміз. «Абайдың сөзі – нақылдың көзі, Ұққанға болар жанға азық. Жалықпай оқы, зердеңе тоқы, Адастырмас сол қазық» дегендей, мұндай тұлға біздің – нағыз темірқазығымыз. Жасымыздан Абайдың «Қара сөздерін», өлеңдерін оқып өстік. Бұл үрдіс қазіргі жас буынға да өте қажет. Өйткені, Абай тақырыбы – мәңгілік тақырып» дейді ардагер журналист Қарлығаш Бәкенқызы.

Оның сөзінше, Абайды оқыған жан рухани толысып, ішкі дүниесі әрдайым тазара түседі. Сондықтан мұндай тағылымды іс-шаралар легі тек бір күн ғана емес, әрдайым жаңғыртылып тұруы тиіс.

Колледж базасында өткен арнайы іс-шарада Абайдың өлеңдері мен әндері орындалып, күй тартылып, ақын «Қара сөздеріне» арналған эсселер үзіндісі оқылды. Сонымен қатар, Абайдың үлкен анасы Зере әженің рухына арнап дайындалған алып кимешек көркем туындысы таныстырылып, қазақ аналарының өнегелі бейнесі келушілерге дәріптелді.

Кеш барысында бірнеше аптаға созылған іс-шаралар қорытындыланды. Осы мерзімде Абай оқулары өтіп, арнайы эссе байқауы мәресіне жетті. Әрі бұған дейін бас қалада ұлы ақынның шығармашылығынан музыкалық концерттер, челлендждер мен конференциялар да ұйымдастырылғанын баса айту қажет.

Аталған әдеби-сазды кеш ұлттық рух пен тәрбиелік мазмұнды біріктіре отырып, Абай мұрасын жастарға және қоғамға кеңінен насихаттауға бағытталды.



САНАҒА СІҢІРЕ АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ

Бүгінгі күннің бір анығы: Абай ілімі өз құндылығы мен өміршеңдігін ешқашан жоғалтқан емес.

Заман өзгеріп, қоғам қанша дамыса да, Абайдың даналығы мен өсиеттері өзектілігін сақтап келеді. Оның ойлары мен идеялары қазіргі қоғам жағдайына әбден сәйкес. Сондықтан да Абайдың даналығына деген сұраныс азаймайды, керісінше арта түседі. Ал сұраныс бар жерде нәтиже болуы – заңдылық. Дегенмен, Абай сынға алған жаман қасиеттерден арылып, ұсынған жақсы қасиеттерге қол жеткізе алдық па? Өкінішке қарай, жоқ. Қоғамдық санада Абайдың ілімі әлі де кең өріс ала алмай отыр. Рас, біз Абайды жақсы көреміз, бағалаймыз, туған күнін атап өтеміз, баяндамаларымыз бен жазбаларымызда жиі сілтеме жасаймыз. Бірақ ұлы ақын айтқан «Толық адам» болмысын қалыптастыра алдық па? Тағы да өкінішке қарай, жоқ. Өйткені біз Абай ілімін ұлттық деңгейге көтеріп, санаға терең сіңіре алмай келеміз.

КОНФУЦИЙ ІЛІМІ – ҰЛТ САНАСЫНА СІҢГЕН РУХАНИ ТІРЕК

Ежелгі Қытайдың ұлы ұстазы Конфуций де – адамзат тарихындағы ірі ойшылдардың бірі. Екі жарым мың жыл өтсе де, оның ілімі Қытай халқының қоғамдық санасында берік орын алып келеді. Конфуцийдің даналығы – қытайлықтардың күнделікті өмірінің ажырамас бір бөлігіне, өмірлік қағидатына айналған. Бұл құбылыстың себептеріне үңілсек, Конфуций өмір сүрген кезеңде Қытайда тәртіп бұзылып, ел ішінде жаугершілік, әділетсіздік, бейберекетсіздік өршіген еді. Сол кездегі қоғам үшін тәртіп пен адамгершілік ауадай қажет болды. Бұл қажеттілік Конфуций ілімінің тууына түрткі болды.

Ол елді басқарудың үш негізін атады:

1. әділеттілік;
2. табиғатты сүю;
3. әдет-ғұрыпты құрметтеу.

Ал қоғамда бірлік пен татулық орнауы үшін ол үш негізгі қарым-қатынасты дұрыс орнату қажет деді:

1. басшы мен бағыныштылар;
2. әке мен бала;
3. ер мен әйел арасындағы қатынас.

Конфуций бойынша, тыныштық пен татулық осы қарым-қатынастардағы үйлесімділікке тікелей байланысты. Екіншілер бірінші лерді мүлтіксіз тыңдап, құрметтеуі тиіс. Ол:

«Кімде-кім ата-анасын шын ниетпен құрметтесе, мемлекет басшысына адал болса, сөзі мен ісі шыншыл болса, ондай адам сауатсыз болса да, оны ғалым дер едім» дейді.

Ата-анаға қайырымдылық – оларды тек асырау емес, қамқорлық көрсету. «Малды да асырайды. Адам болу үшін мейірімділік қажет» деп тұжырымдайды. Оның пайымынша, адамгершілік – рақым мен әділетке негізделуі тиіс. Нағыз игілікке қол жеткізу үшін әр адам, ең алдымен, өзін-өзі жетілдіруі тиіс.

Ол былай дейді:

«Бүкіл халықтың жағдайы жақсы болу үшін – әр отбасының жағдайы жақсы болуы керек. Отбасының жағдайы жақсы болу үшін – өзіңнің жағдайың түзелуі тиіс. Өзіңнің жағдайың жақсы болу үшін – жүрегің таза болуы керек. Жүрек тазалығы – шыншылдық пен ой саналығына байланысты. Ал саналы ой – жоғары білімнен бастау алады. Жоғары білім – өзін-өзі танудан басталады».

Конфуций үшін ұлы адам атақ-даңқымен емес, адамшылығымен ғана ұлы.

АБАЙ МЕН КОНФУЦИЙ ІЛІМІ – ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДА ӨЗЕКТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөйлеген сөзінде осы екі ұлы ойшылдың идеяларымен үндестік анық байқалады. Президент еліміздегі көптеген қоғамдық кемшілікті атап өтіп, ел болашағын нығайтудың жолдарын көрсетті. Ол былай деді:

«Жаңа қоғамдық этика қалыптасуы керек. Онда елдің бірлігі, тұрақтылығы, азаматтардың өзара тілектестігі, әділдік, заң мен тәртіп, сенім мен жауапкершілік сияқты құндылықтар үстемдік құруы тиіс. Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық – бәрінен биік тұруы керек. Осындай ізгі қасиеттерді бойына сіңірген жанды «Адал азамат» деп атауға болады».

Президент атап өткендей, «адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам ғана құрметке ие болады. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды». Міне, осы тұста Абай мен Конфуцийдің ілімі және Тоқаевтың «Адал азамат» концепциясы тоғысып, бір идеяға айналады. Бұл ізгілікті қоғам құру идеясы.

«Адал азамат» дегеніміз – Конфуций айтқан басшы мен бағынышты, әке мен бала, ері мен әйелі арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты сақтайтын тұлға. Абай айтқан «Толық адам» мен Конфуцийдің «Мейірімді адам» үлгісі – Президент Тоқаев ұсынған қоғам үлгісінің рухани негізі. Біз қазір жаһандық тұрақсыздық пен геосаяси өзгерістер кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Осындай күрделі шақта біртұтас ұлт болу – басты міндет. Ұлттық бірегейлікті сақтау, әділетті қоғам құру – әрбір азаматтың адами кемелдігіне, рухани биіктігіне байланысты. Сондықтан Абай ілімі де, Конфуций өсиеті де – қазіргі заман үшін қажет рухани бағдар.

Мансурхан МАХАМБЕТОВ,
қоғам қайраткері,
Парламент Мәжілісінің
VI шақырылым депутаты

№93 (4837) 09/08/2025 Сенбі

Әрине, еліміздің кешегі-бүгінгі тарихында діни ағартушылықтың алтын арқауын жалғаған әулие-әнбие, ишан-молдалар аз болмаған. Бүгінгі таңда да сол асыл мұраны жалғастырып, ел ішінде Алланың ақ жолын насихаттап жүрген тұлғалар баршылық. Солардың бірі – ел ішінде «Нұрлан имам» деген атпен танымал, Астана қаласындағы Ырыскелді қажы атындағы мешіттің бас имамы Нұрлан Байжігітұлы. Қазақы болмысымен, терең діни сауатымен, қарапайым халықпен етене тіл табыса білетін қасиетімен көпшіліктің ықыласына бөленген Нұрлан имамнан өмірдегі кейбір түйткілді мәселелер туралы ашқұрсақ сұрағымызға тойымды жауап алғанымыз бар. Жасқа да, жасамысқа да үлгі бола алатын имамның әрбір сөзі оқырманға ой салары анық. Ендеше сіздер де осы әңгімеміздің куәсі болыңыздар...



Нұрлан БАЙЖІГІТҰЛЫ:

ҰЛТТЫҚ КИІМ – ИМАНДЫЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ

АҚСАҚАЛДАРДЫҢ ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ – ҚАЗЫНА

– Құрметті Нұрлан Байжігітұлы, ең әуелі әңгімемізді өз өмірбаяныңыздан бастасақ. Сіздің өз жолыңызды имандылықпен байланыстыруға не себеп болды?

– Менің осы үлкен жолға түсуіме не себеп дегеннен гөрі, «кімдер себепкер болды?» деген дұрысырақ шығар. Өйткені, егеменді Қазақстанда ашылған тұңғыш Меркі медресесінде мутавали, яғни іс басқарушы қызметін атқарған нағашы Жақсымбет атамның тәрбиесінде болдым. Әсіресе, жылдар бойы Аллаға деген ұлы махаббатын, ұрпағына деген ұлағатын, медресе шәкірттерінің білім алуына, қалам ұстап, қамсыз болуына, қарындарының тоқ болуына жұмсаған күш-қуатын, адал еңбегін, төккен терін көріп өстім. Одан кейін атамның жары, нағашы Жаңыл әжемнің берген тәрбиесі мол, табанды түрде білім алуыма тигізген әсері зор болды. Атам түздің шаруасын тыңдырса, әжем үйдегі тоғыз шақты балаларын солдаттар сияқты қатаң тәртіппен өсіріп, тәрбие берген мінезді кісі болды. Оның ішінде мен де бармын, мені тұңғыш немересі ретінде бауырына басты. Әлі есімде, жасым үш-төрттерде болуы керек, атам қасынан бір елі қалдырмай, мешітке күнде алып барады. Басымда үлкен қазақы тақия, малдас құрған қаба сақалды аталар кейде алдарына алады, көбіне орталарына отырғызып, мені айнала қоршап отыратын. Ол дәуірдің ақсақалдары тұнып тұрған руханият еді шіркін, ойлары дана, бойлары қазына, өздері асыл, бір-бірімен балаша ойнасып, әзілдесіп қалжыңдасқандары, күш сынасып күрескендері бүгінде мен үшін аңыз болып қалды. Бұдан менің түсінгенім, имамдық қызметті таңдайтын кез келген бала мектеп білімінен кейін қосымша осындай ақсақалдардың даналық мектебінен көп дүние үйренеді, яғни сөздік қорын молайтуына, сөзуар, шешен болуына, сөз саптауына тигізер септігі мол. Ата-ана да баласының мамандық таңдауына қарай соған дайындап, қабілетін ұштауы керек. Мысалы, әжем жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, билердің нақыл сөздерін, шешендердің қанатты сөздерін шаршамай жаздырып, жаттатқызатын. Бір қызығы, сол жаттағандарымды әжем үйге келген қонақтарға, атам мешіттегі жамағатқа айтқыздыратын. Бұл менің рухани ашылуыма, ортаға кірігуіме, додаға түсуіме көмегі тиді. Жоғарғы оқу орнының белестерінен, мысалы, педагогика, психология, әлеуметтану, саясаттану сияқты әлеуметтік пәндерден міндетті түрде өтуі керек, неге? Өйткені, бұдан жан-жақтылыққа үйреніп, көзқарасын кеңейтеді. Одан кейін «первоочередность» деген бар, мұны қазақ тілінде басымдық дегеніміз дұрыс шығар. Яғни кейінге қалдыруға болмайтын, не алдыға өтетін маңызды тақырыпты алдындағы аудиторияға дұрыс жеткізе білуі, айтар сөзін таңдай білуі. Мысалы, қай жерде нені айту керек, қалай айту керек, жамағатқа қай сөз өтімді, қай сөз жүрмейді дегендей сезіне білу. Қазір көп діндарларда осы нәрсе жоқ. Баршаны тек қана Құран аятымен, хадиспен, шариғатпен орнына қойғысы келеді. Иә, дүниедегі барлық сұрақтың жауабы Құранда, алайда, кез келген адамның қабылдау деңгейі, наным-сенімі, даналығы ислам дәрежесінде емес екенін ескермейді. Қазіргі түсінбестік пен діни мәселелердегі алауыздыққа бастап жатқан мәселелердің басты себебі де осы.

– Ендеше дін сізге қызмет етті ме, немесе сіз дінге қаншалықты қызмет ете алдыңыз?

– Бұлай дінмен қайшылық орнату дұрыс емес шығар, өйткені, біреулер дінді құрал ретінде пайдаланып, қызметін көреді. Ал, дінді ақиқат деп таныса, онда, дінге қызмет етер еді. Мен үшін, дін – сенім, қағидат және салт-дәстүрден тұратын адамның басты рухани ілімі, дүниетанымы, құндылығы. Сондықтан, өзімді рухани тұрақтылық, моральдық бағыт, тәртіпті бағдар беретін адамгершілік институтының түлегі ретінде көремін. Жүрегімді, санамды, уақытымды арнағаныма қарағанда, дінге, яғни ақиқатқа және Отаныма қызмет етудемін. Тек, бұл қызметімді саудаға салғандай, таразыға салғым келмейді, өйткені, өмірімді толықтай арнап келемін.

– Дінге сену мен Аллаға сенудің айырмашылығы неде деп ойлайсыз?

– Негізі Аллаға сену бар және дінмен жүру бар. Яғни кез келген дін бір ғана Жаратушының заңымен құрылады. Біз тыйымдар мен үкімдер жиынтығын шариғат дейміз, яғни Құдайдың сөзі жазылған Құранға және оның елшісі (с.ғ.с.) пайғамбардың сүннетіне негізделген діни-құқықтық заңдар жүйесі. Жаратқанның ұрлама, тонама, өтірік айтпа, жалған сөйлеме, ата-анаңды құрметте, жамандық жасама, біреудің ала жібін аттама, аманатқа қиянат қылма, әділ бол және т. б. өсиеттерін өмірімізге шынайылықпен енгізуіміз керек. Сондықтан, мына ғаламатты жарату қолымыздан келмейді ме, онда, бір Құдайға сенейік, оған тапсырайық. Өйткені, бәрібір миымызға сыйдыра алмаймыз. Алладан басқа құдірет таба алмаймыз, сенімнің Құдайы біреу. Тек, сол Құдайдан алыстап, адасып, дұрыс түсінбей жүрген өзіміз. Әлбетте, «Құдайға сенбеймін» десе, әркімнің қазір еркі өзінде, яғни «өзім білемінің» заманы. Алайда, бабаларымыз айтқандай, сол Құдайға қайтатынымызды ұмытпайық.

ЖАҚСЫ ПЕЙІЛ, КӨРКЕМ МІНЕЗ ТӘН БОЛСА...

– Сіздіңше бүгінгі мұсылман қауымы қандай болуы керек?

– Бұл бүгін мен кешегі күндей, бүгінгілерді ежелгілермен салыстыру қисынсыз, айырмашылықтары жер мен көктей. Өйткені, бұрынғы мұсылмандар ел мен жерді, білім мен ғылымды бағындырды, мысал келтірсем, тізімі толады. Ал, бүгінгілер не тындырды, айтыңызшы, осылардың қайсысын бағындырды? Әсіресе, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың ұлы еткен нәрселеріне аса мән бермей келеді, мысалы, мінез, өзің-өзі тәрбиелеу. Иә, пайғамбарлардың кезеңі, одан кейінгі сахабалар мен табиғиндардың, ұлылардың, яғни дамыған басқа қауымның мәдениеті араласпаған, қаймағы бұзылмаған заман еді. Қазір рухани және материалдық жағынан аралас қауымда өмір сүріп жатырмыз яғни көпұлтты, көп конфессиялы елміз. Алайда, ислам діни біліммен шектелмейді, зайырлы білімді де игеру бізге парыз, заманауи ғылым мен технологияны меңгеру – саналылық. Одан кейін біздің қоғамда көптен бері мұқтаж болып бара жатқан дүние – әділдік. Соңынан адамгершілік қасиеттер де ілесіп, ғайып болып, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың «Мұсылмандар – бір дене тәрізді» деген сөзінің қуаты жоғалып барады. Заманауи мәселелерге бейім, қоғамға пайдалы азаматтар азайып, толеранттық көзқарас төмендеуде. «Неге?» деп сұрасаңыз, бүгінгі мұсылманның діни құндылыққа берік, заман талабына сай жаңаша ойламауы, білімді игермеуі, ғылымды меңгермеуі, мәдениетті, әділетті, пайдалы болмауы. Адам құлшылықпен, ғибадатпен, мал-дүниемен жетпеген ұлы дәрежелерге жақсы пейілмен де, көркем мінезбен де, адамдарға пайдалы болуымен де жете алады.

– Қазақтың «Басыңа соншалықты қиындық түсіп тұрса, нанды басып Құранды алма, Құранды басып нанды ал» деген сөзі кейде діни тұрғыда оғаш естілуі мүмкін. Алайда бұл тіркес халқымыздың тіршілік пен руханиятқа деген көзқарасын көрсететін таным емес пе? Осыны бүгінгі ислам ілімі тұрғысынан қалай түсіндірер едіңіз?

> Дін – рухани бағдар, дәстүр – ұлттық болмыс. Мысалы, ата дініміз адамгершілікке тәрбиелейді, дәстүр – соның мәдени көрсеткіші. Дін мен дәстүр – бүгінгі таңға дейін қайықтың екі ескегіндей, ұлтымыз бен мемлекетімізді өркениетке сүйреген қастерлі дүниелер

– Сөздігімізде «аяқ-қолы жерге тимеді» және осы сынды теңеулер бар, иә?! Ал, нанды басып, Құранды алсақ, аш қаламыз ба, немесе Құранды басып, нанды алсақ, тоямыз ба? Сол сияқты, Құранның ұлылығы небәрі 3-4 сантиметрлі сіріңкенің қорабынан аспайтын бір тілім нанмен тең емес, яғни бұл жерде сіріңкенің қорабынан биік болмаған нанды құнды етіп көрсету үшін, бұл салыстырмалы түрде айтылған мысал сөз. Халықтың «Намаз, ораза – тоқтықта» деген сөзі бұған дәлел. Яғни «аш адам намаз оқымайды ма?» деген пікір қалыптасады. Иә, кезінде мұндай сөздерге Абай атамыз қарсы шықты. Алайда, «Алтынды көріп, періште жолдан тайыпты» деген балама бекер айтылмады. Кез келген адамды кез келген нәрсе бұзуы ықтимал. Өкінішке қарай, бүгінде көбісі мұсылманша киінген адамды періште көргендей, соған Құдайдай сеніп, нәтижесінде опық жеп жатады немесе артық бір қылығын көрсе, мұсылмандардың бәрін сүйреп апарып тастайды. Біздің қателігіміз де тап осы жерде, яғни мұсылман әулие емес, ол бар болғаны пенде. Демек, бұл сөзден құнды екі дүниені қатар алып шығуымыз керек, біз үшін Құран қасиетті, нан қадірлі. Сол сияқты, кейбір жастарымыздың Құранның үкімімен, шариғаттың шартымен кесектелген діни нәрселері бүгіндегі ортамызға, қоғамымызға, салт-дәстүріміз бен әдеп-ғұрпымызға келіңкіремейді. Өйткені, діндегі тақуалықтың өз орыны мен реттілігі бар. Олардың «тақуалықтары» әсіре діншілдікке өтіп, қоғамды шайқамауы керек.

– Сонда дін мен ұлттық дәстүр арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтаған дұрыс?

– Негізі атам заманнан екеуінің мақсаты бір. Дін – рухани бағдар, дәстүр – ұлттық болмыс. Мысалы, ата дініміз адамгершілікке тәрбиелейді, дәстүр – соның мәдени көрсеткіші. Ал, «дәстүрдің тозығынан екеуінің арасында қайшылық туындап қалса, бүйрегімізді қайсысына бұрамыз?» деп сұрасаңыз, дәстүрді шариғат таразысына салып, талабына қарай жаңартқан жөн, дінді ұлттық болмысқа салып түсіндірген дұрыс дер едім. Дін мен дәстүр – бүгінгі таңға дейін қайықтың екі ескегіндей, ұлтымыз бен мемлекетімізді өркениетке сүйреген қастерлі дүниелер. Бұл екеуін ажырату мүмкін емес, тепе-теңдігін терең түсінігіміз ғана ұстап қалады.

ДІН – РУХАНИ БАҒДАР, ДӘСТҮР – ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

– Бүгінгі жастардың дінге бет бұруында қандай ерекшеліктер бар?

– Шынында да қазіргі жамағаттың дені – жастар. Тәуелсіздіктің жаңа кезеңіндегі мен бүгінгі жастардың айырмашылығы алшақ. Себебі, жастардың дінге бет бұрудағы өзгешелігінде ресурстары мен жағдаяттары мол. Оларға қазір толассыз ақпарат легі қолжетімді. Одан кейін еліктеушілік басым, әртүрлі насихаттарды сараптамай, қарқынына ілесу көп, нәтижесінде радикалдық бағытқа өтіп кетіп жатыр. Сондай-ақ, діни фанатизмге бас ұру бар. Ең қиыны, уағыз-насихатты тыңдағанымен, одан тәлім алмай, өмірлеріне сіңірмеуде. Тіпті, осы халде тұрып, оны біреулерге үйрететіндері де кездеседі. Әрі жеткізгендердің бағыты мейірімділік пен толеранттықтан алшақтатуда.

– Алланы тану жүректегі иманмен өлшенеді дейміз. Ал, сыртқы келбет пен киім үлгісіне қарап адамның діндарлығын бағалау қаншалықты дұрыс?

– Жалпы, киім – ішкі дүниенің бір ғана элементі, яғни Құдайға сенетінін көрсету. Алайда, оның мыңдаған көрінісі болуы мүмкін, мысалы, Тасауф сопылық ілімінің екі бағытын алатын болсақ, бір тариқатта зікірді дауыстап оқиды, келесі тариқатта құпия оқиды. Содан екі жақтың ғалымдары бір-біріне келіп, «біздің зікіріміз жақсы, өйткені, іштей айтамыз» десе, екіншісі «біздікі дұрыс, сыртқа шығарып айтамыз» дейді. Сонда іштей айтатындардың ғалымы «иә, біз естіп тұрамыз, дауыстарың жер жарады, бұл мақтаншақтық» дегенде, екінші ғалымы «иә, біз іштей айтсаңдар да, естіп тұрамыз» деген екен. Яғни бұл жердегі негізгі мән – зікірді мейлі іштей, мейлі сырттай айтуда емес, мәселе – жүректегі иманда, сенім мен пейілде. Сол сияқты, «субһаналла», «машалла» деген екі сөзде немесе сыртқы киімде емес, мәселе – ішкі сарайымызда, жүректің нені қалауында. Жалпы, діннің негізгі шарты – ішкі дүниені тәрбиелеу, болмысты реттеу емес пе?! Ал, ішкі болмыс міндетті түрде сыртқы көріністен орын табатыны хақ.

– Әрине, орамал, жаулық тағу – қазақ әйелдерінің ежелден келе жатқан дәстүрлі киім үлгісі. Алайда хиджап кию ислам талабын орындау ретінде түсіндіріледі. Осы екі ұғымның арасындағы айырмашылық неде? Шариғат тұрғысынан бұл екеуі бірдей қабылдана ма, әлде рухани мәнінде айырма бар ма?

– Ежелгі тарихи суреттерден шаштары бұйра-бұйра, қысқа көйлек, бет-аузы опа, шиедей ернімен әже-аналарымызды таба аласыз ба? Таба алмайсыз, өйткені, орамал мен жаулық және кимешек – имандылықтың белгісі, былайша айтқанда сол уақыттың мұсылманша киімі. Ал, бүгінгі шулап жүрген хиджабымыз – бағзы заманнан бері мұсылмандарға ортақ киім. Соны әже-аналарымыз алғанда, кезінде қазақы дизайнға салып пішкен. Тіпті, әрбір рудың өзіндік кимешегі болған, әрі сіз айтып отырған шылауыш орамал да емес, кимешек те емес. Ол бала туылған сайын кимешектің сыртынан байланатын орам белгі. Яғни одан оралған шылауыш биіктей түседі, бұл әйелдің беделінің артқаны, абыройының асқақтағаны, көп баланы дүниеге әкеліп, ардақты ана атанып, ұлтқа қосқан үлесі. Сол қазақы дәстүрдегі киімдерді бүгінде не жасымыз, не кәріміз кимейміз, сонда иманға бет бұрған қыздарымыз не киюі керек? Негізінде, ұлттық киіміміз – көздің жауын тартатын имандылықтың нағыз символы. Ал, бетін қап-қара етіп бүркеу салтымызға да, өмірімізге де келмейді. Ол әсіре діншілдіктің көрінісі, ел ішіне іріткі салудан басқа ештеңе емес.

Сұқбаттасқан
Шапағат ӘБДІР

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 06.08.2025 №510-2656

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «4-сорғы-сүзгі станциясына су құбыры желілері» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы», «Есіл», «Нұра» аудандары, Қабанбай батыр даңғылы және №229 (жобалық атауы) көшесінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы учаске 1 – 1,9278 га, учаске 2 – 4,8687 га, учаске 3 – 20,4063 га, учаске 4 – 27,8767 га, учаске 5 – 3,9830 га, учаске 6 – 0,6857 га, учаске 7 – 2,1493 га, жер учаскелері 2025 жылғы 30 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қазанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппе, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. ҚАСЫМБЕК

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы « 06» ___08____ № __510-2656____ қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-320-135-3875	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3947345	1074	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, №50/2 учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
2	21-320-135-1135	«Адали-Астана» ЖШС	102850	581	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е314 көшесі, №12 учаске	Жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешендерін салу	24.11.2027 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
3	21-320-135-832	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК	597415	93	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қаркаралы тас жолы, №40В учаске	Арнаны пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
4	21-320-135-3851	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	20951	171	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, №61 учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
5	21-320-135-3875	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3947345	1254	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, №50/2 учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
6	21-320-135-3292	«City Glow» ЖШС	1	1	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №69К учаске	Жарнамалық-ақпараттық объектіні орналастыру	29.12.2026 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру басталғанға дейін
7	21-320-135-603	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	30205	630	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әуежай 1 кезек, Тельман тұрғын алабынан 6,5 км Оңтүстік-Батысында	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
8	21-320-111-884	«РТС Деко» АҚ	16	16	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №98Р учаске	Аялдама кешенін орналастыру	25.12.2024 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру басталғанға дейін
9	21-320-135-832	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК	597415	290	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қаркаралы тас жолы, №40В учаске	Арнаны пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
10	21-320-135-3788	«Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ	100000	1704	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы	Спорт-футбол кешенін салу	06.11.2019 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану
11	21-320-111-896	Бижанов Арман Сабыргазиевич	30	7	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №98Д учаске	Стелланы орналастыру	30.11.2024 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру басталғанға дейін
12	21-320-135-3294	«City Glow» ЖШС	1,5	1,5	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №69Н учаске	Абаттандыру	29.12.2026 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру басталғанға дейін
13	21-320-135-4071	Бижанов Арман Сабыргазиевич	4	4	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы	Стелланы орналастыру	03.09.2020 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану
14	21-320-135-1783	«РТС Деко» АҚ	12,5	4	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №80А учаске	№9 аялдама кешенін орналастыру	13.06.2023 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру басталғанға дейін
15	21-320-135-3293	«City Glow» ЖШС	1,5	1,5	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №69М учаске	Абаттандыру	29.12.2026 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру басталғанға дейін
16	21-320-111-890	«РТС Деко» АҚ	12,5	12	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №82А учаске	№11 аялдама кешенін орналастыру	13.06.2023 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру басталғанға дейін
17	21-320-135-3875	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3947345	2429	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, №50/2 учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
18	21-320-145-1915	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	242505	5199	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №123В учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
19	21-320-145-2662	«Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» ММ	424402	2879	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, 229 айналма жол көшесі, №24Н учаске	Көлік жолын пайдалану және қызмет көрсету	Тұрақты жер пайдалану
20	21-320-135-3835	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	770035	34123	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №115А учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
21	21-320-135-489	Батталов Даир Сакенович, Успанова Айгуль Молдагазыевна	4642	227	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №115 учаске	Жанар-жағар май құю станциясын пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
22	21-320-145-1920	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	2999013	58759	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №117А учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
23	21-320-135-608	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3290787	112	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әуежай 1 кезек, Әуежайдан 3,4 км Солтүстік-Шығысында	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
24	21-320-135-5900	«Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС	16170	493	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы және №229 (жобалық атауы) көшесінің қиылысы ауданы	Бизнес-орталығын салу	30.11.2027 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
25	21-320-145-1919	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3154457	8646	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №117Б учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
26	21-320-135-3875	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3947345	7547	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, №50/2 учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
27	21-320-145-2651	«Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» ММ	598942	24666	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, 229 айналма жол көшесі, №14Д учаске	Көлік жолдарын пайдалану және қызмет көрсету	Тұрақты жер пайдалану
28	21-320-145-1917	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	160069	6175	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, 229 айналма жол көшесі, №22В учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
29	21-320-145-1896	«Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі көліктегі полиция департаменті» РММ	34465	2100	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №229 (жобалық атауы) көшесі, Интернациональный тұрғын алабынан оңтүстікке қарай	Кинологиялық қызмет орталығының питомнигін салу	27.10.2019 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану
30	21-320-135-608	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3290787	839	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әуежай 1 кезек, Әуежайдан 3,4 км Солтүстік-Шығысында	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
31	21-318-134-199	«Кипрос» ЖШС	732	16	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Алма б/с, №52 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
32	21-318-134-101	Бадртдинова Лилия Рашитовна, Кульбаба Алексей Анатольевич	991	272	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Центральная көшесі, №83 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
33	21-318-145-2163	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК	213294	1409	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, 229 айналма жол көшесі, №24Б учаске	«Нұр-Сұлтан қаласының Есіл өзенінің тасқын суларымен су басуынан» объектісіне қызмет көрсету	Тұрақты жер пайдалану
34	21-318-133-097	Саматұлы Шерхан	761	729	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., №57 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
35	21-318-134-040	Максимов Андрей Иванович	598	598	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Центральная көшесі, №63 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
36	21-318-134-210	Самарцев Андрей Сергеевич, Самарцева Ольга Валериевна	573	29	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Садовая көшесі, №48 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
37	21-318-134-186	Ногаева Айжан Толеутаевна	599	324	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Садовая көшесі, №52 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
38	21-318-134-150	Бадртдинова Лилия Рашитовна, Кульбаба Алексей Анатольевич	562	44	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Центральная көшесі, №81 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
39	21-318-134-107	Абдрахманова Гульнар Серикбаевна, Абдрахманов Даулет Тащанович	602	517	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель БТК, Садовая көшесі, №54 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
40	21-318-134-191	«Кипрос» ЖШС	900	104	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Алма б/с, №54 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
41	21-318-134-169	Горбылева Светлана Викторовна, Горбылев Лев Борисович	600	110	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Садовая көшесі, №36 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
42	21-318-134-111	Гамова Эмилия Рославовна	612	612	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Центральная көшесі, №67 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
43	21-318-134-035	Коробко Ирина Вячеславовна	595	413	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Землеустроитель б/о., №77 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
44	21-318-134-203	Малофеев Виктор Васильевич, Малофеева Нина Сергеевна	803	17	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Центральная көшесі, №85 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
45	21-318-145-2181	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК	11977	411	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, 229 айналма жол көшесі, №24/1 учаске	Уақытша құрылыс алаңын ұйымдастыру және құрылыс материалдарын, техниканы сақтау мен абаттандыруды (құрылыс салу құқығынсыз)	25.02.2024 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеусіз жер пайдалану (қала құрылысын игеру басталғанға дейін
46	21-318-134-054	Смолкин Сергей Алексеевич, Смолкин Алексей Сергеевич	881	218	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., №32 учаске	Бағбандық	Ортақ үлестік меншік
47	21-318-134-148	Васильева Мария Евгеньевна	616	608	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Центральная көшесі, №61 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
48	21-318-134-149	Толымбекова Баянслу Нагметулловна, Толымбеков Манат Исенович	596	65	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Садовая көшесі, №42 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
49	21-318-134-050	Абдрахманова Гульнар Серикбаевна, Абдрахманов Даулет Тащанович	709	703	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Садовая көшесі, №56 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
50	21-318-134-195	«Кипрос» ЖШС	896	478	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Алма б/с, №51 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
51	21-318-134-146	Шарафутдинов Ринат Харисович	1101	1084	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Алма б/с, №25 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
52	21-318-134-017	Романюк Александр Александрович	540	540	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., №69 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
53	21-318-134-038	Гавриловец Дмитрий Иванович	583	583	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Центральная көшесі, №71 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
54	21-318-134-166	Шарафутдинов Ринат Харисович	786	271	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Алма б/с, №39 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
55	21-318-134-065	Сапаров Спартак Оразбаевич	598	598	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Центральная көшесі, №65 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
56	21-318-134-165	Иванов Юрий Александрович	582	26	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Садовая көшесі, №46 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
57	21-318-134-049	Чиканаева Алма Шамуратовна	554	554	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., №73 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
58	21-318-145-2653	«Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» ММ	132970	1758	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Астана-Қарағанды тас жолы, №85Н учаске	Көлік жолын пайдалану және қызмет көрсету	Тұрақты жер пайдалану
59	21-318-134-235	Смагулов Ринат Алдажарович	931	729	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Алма б/с, №36 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
60	21-318-134-086	Омырбеков Оскембай Отарович	1192	202	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Алма б/с, №31 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
61	21-318-134-082	Ишмаметова Закия Ануаровна	592	574	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Центральная көшесі, №59 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
62	21-318-134-079	Оришевская Елена Николаевна	573	135	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Садовая көшесі, №34 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
63	21-318-134-162	Пантэо Ольга Владимировна, Пантэо Максим Леонидович	572	117	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Садовая көшесі, №35 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
64	21-318-134-059	Голева Юлия Юрьевна	582	565	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., №75 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
65	21-318-145-1906	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	232869	10504	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, 229 айналма жол көшесі, №20 учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
66	21-318-134-182	Солтахан Хадиша, Хавалхан Болисхан	911	112	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Алма б/с, №41 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
67	21-318-134-051	Гоева Валентина Михайловна	561	22	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Землеустроитель б.к., Садовая көшесі, №44 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
68	21-318-134-041	Омаров Марат Илькенович	604	137	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Землеустроитель» бағбандық саяжай учаскелері иелерінің тұтынушылар кооперативі	Бағбандық	Жеке меншік
69	21-318-129-1495	«Astana Stroy LTD» ЖШС	37186	9	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А123 көшесі, №27 учаске	Жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенін салу	13.08.2026 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
70	21-318-145-2794	«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» АҚ	585256	50188	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Бульвар2, А123, М232 (жобалық атаулары) көшелерінің қиылысы ауданы	«ЕНУград» кампусые салу	30.12.2029 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
71	21-320-135-3875	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3947345	3597	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, №50/2 учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
72	21-320-135-6271	«SA-Green» ЖШС	55373	2173	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, №46Н учаске	Коммерциялық орын-жайлары мен паркингтері, ойын-сауық орталығы, балабақшалар, мектеп, дүкен, саябақ аймағы бар көп пәтерлі тұрғын үйлерді салу	19.05.2052 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
73	21-320-135-6520	Амангельдинов Арман Гайдарович	8693	107	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е116 көшесі, №1/20 учаске	Әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй мақсатындағы объектілерді салу және пайдалану	Жеке меншік
74	21-320-135-6565	Амангельдинов Арман Гайдарович	4460	755	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е116 көшесі, №1Л учаске	Әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй мақсатындағы объектілерді салу және пайдалану	Жеке меншік
75	21-320-135-832	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК	597415	329	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қаркаралы тас жолы, №40В учаске	Арнаны пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
76	21-320-135-1616	Мухамедов Рамиль Мухамедович	20420	800	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е542 көшесі, №8 учаске	Коттедж қалашығын салу және пайдалану	Жеке меншік
77	21-320-135-4770	«LUXOR.KZ COMPANY» ЖШС	600000	3369	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е826 көшесі, №2 учаске	Коттедж қалашығын салу	21.04.2026 жылғы мерзімге дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
78	21-320-135-6519	Амангельдинов Арман Гайдарович	539	96	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е116 көшесі, №1А учаске	Әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй мақсатындағы объектілерді салу және пайдалану	Жеке меншік
79	21-320-135-4841	Тажимбетов Диар Абдуллаұлы	10117	1686	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, №22Б учаске	Коттедж қалашығын салу және пайдалану	Жеке меншік
80	21-320-135-6553	Малдыбаев Едил Дуйсебекович	7552	732	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е453 көшесі, №15Д учаске	Әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй мақсатындағы объектілерді салу және пайдалану	Жеке меншік
81	21-320-135-608	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3290787	877	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әуежай 1 кезек, Әуежайдан 3,4 км Солтүстік-Шығысында	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
82	21-320-135-6547	Малдыбаев Едил Дуйсебекович	6505	1075	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, №46Д учаске	Әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй мақсатындағы объектілерді салу және пайдалану	Жеке меншік
83	21-320-135-6546	Малдыбаев Едил Дуйсебекович	4574	100	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, №46В учаске	Әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй мақсатындағы объектілерді салу және пайдалану	Жеке меншік
84	21-320-135-3875	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3947345	6108	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әл-Фараби даңғылы, №50/2 учаске	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
85	21-320-135-608	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	3290787	470	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әуежай 1 кезек, Әуежайдан 3,4 км Солтүстік-Шығысында	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
86	21-320-145-391	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ	850863	16967	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әуежай 1 кезек, Әуежайдан 3,5 км Оңтүстік-Батысында	Астана қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану

«Elorda Aqparat» серіктестігі мен «Astana aqshamy» газетінің ұжымы осы мекеменің бұрынғы басшысы Ерлан Қарабалаевқа

інісі Мұқият Жағыппарұлының

қайтыс болғанына орай қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

№93 (4837) 09/08/2025 Сенбі

АБАЙ АЛДЫНДА...

Елорда әкімдігі айналасындағы амфитеатрда ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай алдында» атты музыкалық-поэтикалық қойылым өтті.



Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы ұйымдастырған іс-шарада Абайдың өлеңдері оқылып, әндері мен күйлері әуеледі.

Кешті ашып берген аталмыш басқарма басшысы Сәкен Есіркеп жиналған қауымды Абайдың мерейтойымен құттықтап, биыл елордада ұлы ақын мұрасын ұлықтауға бағытталған 140-тан астам іс-шара жоспарланғанын атап өтті. Жыл басынан бері де қаланың оқу ордаларында, мәдениет мекемелерінде, саябақтар секілді көпшілік жиналатын орындарда өтіп келе жатқанын айтты.

«Абайдың туған күні – 10 тамыз екенін білесіздер. Осыған байланысты Астана қаласында әлі де көп іс-шара өтеді. Олар аудандар аумағында, қала театрларында ұйымдастырылады. Барлығын белсенді қатысуға шақырамыз. Қаламыздың бір топ қаламгерлері ұлы ақынның басына барып, зиярат етуге, үлкен тойға арнайы делегациямен шыққалы жатыр» деді Сәкен Есіркеп.

Оның сөзін Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы жалғады.

«Абай – біздің темірқазығымыз, біздің айнамыз. Сондықтан Абайдың алдында бізге әрдайым есеп беріп отыру керек деп есептеймін. Айнаға қарағанда өзіңнің жақсы жағын да, кем-кетігін де көрінеді ғой. Қай кезде де Абайға оралған сайын ұлт есейе түседі деп есептеймін. Сондықтан Абайға жиі-жиі оралып тұруымыз керек» деді ол.

Іс-шарада Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Қорқыт» этнофольклорлық ансамблі Абайдың «Торы жорға» күйін бебеулетті. Осы ұжымның камералық хоры өнер көрсетті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арайлым Рақымқызы «Желсіз түнде жарық айды» әуелетсе, Мәдениет саласының үздігі Данияр Мұқан «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...» әнімен жиналғандарды ойлантты. Әнші Нұрқанат Тапиев «Көзімнің қарасымен» жүректерді тербеді. Музыкалық жас көрермен театрының актерлері Әлихан Әлішер, Аққанат Қуандықов Абайдың өлеңдері мен философиялық ойларын әсерлі жеткізді.

Ұлы ақын «Жүрегімнің түбіне терең бойла» дегендей, белгілі ғалым Базарбек Атығайдың қаламынан туған, Бақытжан Тәженов режиссерлік еткен кеш арқылы жиналған қауым хакім мұрасына бойлағандай болды.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ТӘНЕКЕ БАТЫР ШАПАНЫ ТАБЫСТАЛДЫ

«Ұлттық музейге сый тарту» акциясы аясында XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, атақты би, батыр Тәнеке Дөсетұлының шапаны музей қорына табысталды.



Аталған мәдени іс-шараны «Матай Бөрібай батыр» қоры ұйымдастырды. Ал тарихи жәдігерді Тәнеке батырдың ұрпағы Қарлығаш Бидахметова музейге тапсырды.

Матасы шұғадан тігілген шапан – Тәнеке Дөсетұлына 1847 жылы патша үкіметі тарапынан арнайы тігілген әрі «Алтын ленталы Анна» медалімен бірге берілген сыйлық. Мұндай шапан – тек аса ықпалды, ел басқарған тұлғаларға ғана берілетін жоғары марапат. Бұл Тәнекенің тек батыр, би ғана емес, орыс билігімен дипломатиялық қарым-қатынас жүргізе білген көреген саясаткер екенін көрсетеді.

Тәнеке (азан шақырып қойған есімі – Нұралы) Дөсетұлы – Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті тұлғасы. 1807 жылы қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданындағы Тасқара жайлауында дүниеге келіп, 1885 жылы өмірден өткен. Ресей, Қытай және Қоқан хандықтарының отарлық саясатына қарсы батыл күрес жүргізді. Ол Кенесары ханның жанашыры, Рүстем төренің сатқындығына қарсы шыққан қолбасшылардың бірі. Қырғыз манабы Төрегелдіні тұтқындап, Кенесарының кегін қайтарды. Бұл жайында поляк революционері Адольф Янушкевичтің күнделіктерінде мәлімет бар. Сондай-ақ ол Шоқан Уәлихановты бір ажалдан құтқарып қалды.

Тәнеке Дөсетұлы жайлы дерек Ресейдің Санкт-Петербург, Мәскеу архивтерінде сақталған. 1846 жылы Матай мен Қапал өңірінің старшыны болып тағайындалған. 1847 жылы оған «Хорунжий» әскери шені беріліп, арнайы марапат ретінде шұғадан тігілген шапан сыйға тартылған. Ұлттық музейге дәл осы шапан табысталды.

ҚОС КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапханада мемлекеттік тапсырыс аясында «Абай жолы» кейіпкерлері және Абай», «Абай. Стихи и поэмы» атты қос кітап таныстырылды.



Іс-шараны ҚР ҰҒА академигі, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп жүргізді. Ал, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аясында өткен маңызды іс-шараға Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, абайтанушы ғалым Тұрсын Жұртбай, профессорлар Әбдіжәлел Бәкір мен Гүлтас Құрманбай, ақын Баянғали Әлімжанов, жазушы Амангелді Кеңшілікұлы, Нұржан Қуантайұлы және басқа да зиялы қауым мен БАҚ өкілдері қатысты.

Ал, сиясы кеппеген «Абай жолы» кейіпкерлері және Абай» атты жаңа жинақтың авторы – белгілі ақын Алмахан Мұхаметқалиқызы. Онда автор әйгілі туынды кейіпкерлерін зерттеу, ондағы көркем образдар мен тарихи тұлғалардың өзара байланысын анықтау жолында ерекше еңбек еткен. Жиырма алты тараудан, екі эпилогтан тұратын төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясының барша болмысын бүге-шігесіне дейін қарап, кейіпкерлерін тарауға бөліп, ру атаулары, жер-су аттарын бөлек тізімдеп шыққан. Сондай-ақ, «Абай. Стихи и поэмы» атты екінші кітаптың авторы – ҚР Мәдениет саласының еңбек сіңірген қайраткері, ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, аудармашы Орынбай Жанайдар. Автор онда Абай Құнанбайұлының өлеңдерін орыс тілінде сөйлеткен.

ҰЛЫ АБАЙ – РУХАНИ ТЕМІРҚАЗЫҚ

Астанадағы Достық үйінде Абайдың 180 жылдығына арналған «Ұлы Абай – рухани темірқазық» атты дөңгелек үстел өтті. Абай шығармалары мен рухани болмысы дәріптелген жиынға Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері, мәслихат депутаттары, Ардагерлер кеңесі, «Ассамблея жастары» РҚБ өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Іс-шараға модератор болған Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық орынбасары, «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері Халил Маслов дөңгелек үстел бағдарламасына сәйкес қатысушыларға сөз берді. Жиында сөз алғандар Абайдың тек ұлы ақын ғана емес, барлық этнос үшін рухани туыстық символы екенін атап айтты.

Астана қаласы Мемлекеттік мұрағатының директоры Жангелді Бимолдин елордадағы Абай аты берілген көшелер мен нысандардың тарихына тоқталды.

– 1995 жылы Абайдың 150 жылдығы тойланғанда, қаладағы бір көшеге «Абайдың 150 жылдығы атауы» берілді. Ол – Шұғыла көшесінен басталып, Н.Тілендиев даңғылымен қиылысатын ұзындығы 1257,4 метрлік көше. Ақмолаға елорда мәртебесі берілгеннен кейін көшелер атауы өзгере бастады. 1997 жылы әкімдік және қалалық мәслихаттың шешімімен сол кездегі ең үлкен Ленин даңғылына Абай атамыздың аты берілді. 2000 жылы Абайдың 155 жылдығына орай бұрынғы «Факел» кітап дүкенінің орнына «Абай кітап үйі» дүкені ашылды. 2019 жылы №87 мектеп-гимназия да атамыздың есімімен аталатын болды. Бүгінде Абай көшесінің бойында, қала әкімдігінің алдында орналасқан ұлы ойшылдың еңселі ескерткішінің жаны руханият өкілдері, жалпы елорда халқы жиі жиналатын рухани орынға айналды. Мұндай жұмыстар әлі де жалғаса береді, – деді Ж.Бимолдин.



Жиын соңында Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының Абай шығармаларын өзге тілде сөйлету бойынша өткен челленджіне белсенді қатысқан 13 адамға алғыс хаттар табысталды. Бір топ түрлі ұлт өкілінің жастары ақынның өлеңдері мен қара сөздерінің өз ана тіліндегі аударма нұсқасын оқыды. Сондай-ақ «Қорқыт» фольклорлық ансамблінің орындауында Абайдың әндері мен күйлері орындалды.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 93
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

ASTANA AQSHAMY